

«Шахтинск орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ

«Оқу уақыты – 2025»

«Қазақ классикасының алтын парақтары» халықаралық акциясын ұйымдастыру және өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1 «Оқу уақыты» акциясы (бұдан әрі-Акция) қазақ әдебиетін оқуға тарту және ілгерілету мақсатында өткізіледі;
- 1.2. Акцияны ұйымдастырушы «Шахтинск орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ;
- 1.3. Акция Мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен, жалпы білім беретін мектептермен, колледждермен, кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп өткізіледі;
- 1.4. Осы ереже акцияның мақсатын, міндеттерін, шарттары мен мерзімін анықтайды.

2. Акцияның мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Акцияның мақсаты-қазақ әдебиетін дәріптеу.
- 2.2 Акцияның Міндеттері:
 - 2.2.1. Қазақ әдебиеті шығармаларына қоғамның қызығушылығын арттыру
 - 2.2.2. Қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын, жазушылар мен ақындарды оқуға тарту.
 - 2.2.3. Кітап оқуды отбасылық демалыстың бір түрі ретінде танымал ету.

3. Акцияға қатысушылар

- 3.1. Акцияға жасына және тұрғылықты жеріне қарамастан барлық ниет білдірушілер қатыса алады.
- 3.2. Акцияға қатысуға ниет білдірушілер бұл туралы «Шахтинск орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ кітапханаларды дамыту және кітапхана жұмысы бөліміне Электрондық пошта, байланыс телефондары арқылы хабарлайды.
- 3.3. Акция кезінде өткізілетін іс-шаралардың нысаны әр түрлі болуы мүмкін.

4. Акцияны өткізу мерзімі

- 4.1. Дайындық кезеңінде акцияны өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар шығарылады
- 4.2. Акцияны өткізу уақыты 2025 жылғы 16 сәуірден 27 сәуірге дейін.

5. Акцияны өткізу шарттары мен тәртібі

- 5.1. Акция үш кезеңде өтеді:
- 5.2. Бірінші кезең (дайындық):

2025жылғы 16 сәуірден бастап:

 - 5.2.1. Акцияны ұйымдастырушы «Шахтинск ОКЖ» КММ <https://shahtinsklib.kz> сайтында, ал Шахтинск ОКЖ құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік желілерде «Мой мир», «Одноклассники», «Вконтакте», «Instagram», «Facebook» беттерінде акцияны өткізуге көмектесетін материалдарды дайындап орналастырады.
 - 5.2.2. Акцияны ұйымдастырушы оқылатын әдебиеттер тізімін ұсынады, ал қатысушы оқылатын шығарманы анықтайды.
- 5.3. Екінші кезең 2025 жылдың 22 сәуірінде өтеді:
 - 5.3.1. 2025 жылғы 22 сәуірде акцияға қатысушы барлық мекемелерде бір мезгілде қазақ әдебиетінің үздік туындылары дауыстап оқылатын болады (қосымша).
- 5.4. Үшінші кезең 2025 жылғы 24 сәуір мен 27 сәуір аралығында өтеді:
 - 5.4.1. Акция өткізілгеннен кейін қатысушы атқарылған жұмыс туралы ақпаратты электрондық поштаға жібереді orbibr@rambler.ru;
 - 5.4.2. егер акцияға қатысушының әлеуметтік желілерде akkaунты/блогы/тобы / қауымдастығы болса, онда ол хэштегтерді қолдана отырып, акция туралы

ақпаратты орналастыра алады: #библиотекишахтинска, #времячитать-2025
#казахскаялитература.

5.4.3. Қатысушы акцияның хэштегтерімен қатар өзінің хэштегтерін де пайдалануға құқылы.

5.5. Ұйымдастырушы акция барысын ақпараттық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

6. Акцияны қорытындылау

6.1. Акцияның қорытындысын Ұйымдастырушы қатысушылардан жіберілген есептердің материалдары бойынша шығарады;

6.2. Дипломды акцияны өткізу туралы есепті электрондық есепті нысанда ұсынған, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес фотосуреттерді ұсынған қатысушы алады;

6.3. Акция қорытындылары туралы ақпарат «Instagram» әлеуметтік желісінде және ұйымдастырушының ресми сайтында орналастырылады: <https://shahtinsklib.kz/>.

Акцияны ұйымдастырушылардың Байланыс ақпараты:

«Шахтинск орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ
Кітапхананы және кітапхана ісін дамыту бөлімі
Қазақстан, Қарағанды обл., Шахтинск қ., Абай даңғылы, 7/1
тел. 8 (72156) 5-40-58, orbibr@rambler.ru